

16. Кашгари, М. Divanü lügät – it – türk. III том, Баку: Озан, 2006  
 17. Кашгари, М. Divanü lügät – it – türk. IV том, Баку: Озан, 2006  
 18. Ализаде, С. Огузнаме. Баку: Шярг-Гярд, 2006  
 19. Радлов, В. Опыт словаря турецких наречий. 1893 – 1911.

\* \* \*

Language is a such social being that, it is making in the result of the social events, even nature events. All languages of the world have passed through different stages of the development and have changed since making day.

Azerbaijani passed through different changings of development since making day too. There are such words in Azerbaijani they already were lost there meaning in modern times. The roots of words which were lost meaning in Azerbaijani are analysed in this work. We know that all languages in the world were made from the monosyllabic roots of words. Disyllabic roots of words were made from the monosyllabic roots of words too. This event was happened in the all languages of the world. The finding such monosyllabic roots of words and analysing their minings are our purpose. In this way we can study our native language Azerbaijani and it's story.

Г. Ж. Снасанова

## МЕТАФОРАЛЫҚ ДҮНИЕ БЕЙНЕСІНІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Метафора адамның вербальдық және сезімдік – образдық жүйелерін бір – бірімен тығыз ұштастыра отырып, дүние бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұлт өкілдерінің айнала қоршаған дүниені тануында, оны тіл арқылы бейнелеуінде метафораның атқаратын қызметі ерекше. Ақиқат дүниеде орын тепкен мәлім заттар мен құбылыстардың атауларын, ерекшеліктерін, қасиеттерін беймәлім заттар мен құбылыстарға ауыстырып қолданудың лингвистикалық тәсілі саналатын метафора кез келген тіл мен мәдениеттің семиотикалық кеңістігінде өмір сүре алады. Алғашында тілдің ажырамас бөлігі саналған метафора, когнитивтік тіл білімінің пайда болып дамуына байланысты, сананың да ажырамас бөлігі ретінде қарастырылатын болды. Қазіргі тіл білімінде метафораға деген қызығушылықтың күрт артқанын дүниенің тілдік бейнесін танып білу мен оны түсіндірудегі жаңа көзқарас, тың ойлардың белең алуымен байланыстыруға болады.

*Байлық – кедейлік, жастық – кәрілік, қуаныш – қайғы, өмір – өлім* сияқты тірек концептілердің мазмұнын айқындау үшін тілдік репрезенттермен қатар, ментальдық репрезенттерге де иек артуға тура келеді. Мұндай репрезенттер метафоралық қолданыстар төңірегінен табылады.

М.М. Маковский, метафораны түрлі мәдениет өкілдерінің санасында өзінше көрініс тапқан, нақты мәдени қауымдастық өкілдерінің санасында түрлі кезеңдерде өзгеріске ұшырап отыратын, дүниенің өзгеше бір бейнесі санайды (1,9). Бұл оймен толық келісуге болады.

Аталған концептер төңірегіне топтасқан метафоралық үлгілерде ұлттық дүние туралы білімдердің жинақталғанын көреміз. Олар көбіне, перцептивтік, танымдық, аффективтік процестерге негізделген. Бұл жердегі метафоралық қолданыстардың қызметінің ең алдымен, ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстар жайлы білімдерді тілдік мазмұнға көшірумен айқындалатынын атап өту керек.

Кедейлердің образы ретінде *байдың көшкенде жұртына тастап кететін ескі ыңыршық, тозған қауға, жыртық жабуларының* алынуын ұлт өкілдерінің санасындағы мәдени – ұлттық семантиканың вербальдануы деп білеміз: "Жаңағы Құнанбай, Бөжей, Байсал, Сүйіндік, Қаратайлардың көшіне ере алмай, керегіне жарамай қапты. Солардың *жұртына тастап кететін ескі ыңыршық, тозған қауға, жыртық жабулары* болмаушы ма еді? – деп, үлкен әжуа жасап күлді" (М. Әуезов). Мәтінде қолданылған метафоралардың коннотациясында *мүгедек, қауқарсыз, науқас, қартайған* сияқты мағыналар жатыр. Олар ассоциациялық білімдер негізінде пайда болған, персонификацияланған заттық бейнелер. *Ыңыршық, қауға, жабу* қазақтардың тұрмыс – тіршілігіне тән заттық мәдениет атаулары. Уақыт өте келе дүние бейнесінде пайда болған өзгерістердің әсерінен олардың ұлт өкілдерінің күнделікті қолданысынан шығып қалғаны мәлім. Сондықтан, олардың кейбірінің, мәселен *ыңыршықтың (ыңыршақ)* бүгінгі ұрпаққа түсініксіз болуы мүмкін. Оған берілген Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі мағынаға үңілсек, *өгізге жүк арту не міну үшін*

салатын, ағаштан жасалған биік ер деген интерпретацияға кезігіміз (2,945).

Метафоралық қолданыстағы ассоциативтік байланыстар көбіне жалпы ұлттың когнитивтік санасында қалыптасқан сипатта кездеседі немесе автордың жеке көзқарасына негізделіп жасалады. Оған дәлел ретінде "Күлдіреуіш арасынан құндақтаулы балалардың кішкене қара көздері жылтырайды" (Ғ. Мүсірепов); "Андрей ол қамытты әкесі өлгеннен кейін киді". "Есін білгелі киген нәлет қамыт ол бейшараның да мойнынан түскен жоқ. Ол да осы бейнетпен өтеді енді, дүниеден" (С. Мұқанов); "Дала байларының ат майы мен сауыны, несесі мен қарызы көп адамдарды әлденеше жылға арқандап қоятынын Ушаков әзір жете түсінбеген еді" (Ғ. Мүсірепов) т.б. мәтіндерді келтіруге болады. Автордың арқандау мен қамыт арқылы кедейлердің өмірінің адам төзгісіз ауыр екенін меңзеп, оларды малмен теңестіріп тұрғанын аңғарамыз. Келтірілген мәтіндерден кедейлік концептісінің индивидтің санасында қайғы концептісімен ұштасатынын имплицитті түрде байқаймыз.

Бұл жерде өзіндік бояуымен ерекшеленіп, кедейлік концептісінің шеңберіне кіретін метафоралық қолданыстағы құлдықты – қамытпен, арқандаумен, кедейлікті – күлдіреуішпен ассоциациялап тұрған бірліктер дүние бейнесінің бір орында тұрып қалмаған, табиғаты жағынан үнемі өзгерісте, даму үстінде болатын құбылыс екендігін дәлелдей түседі. Қамыт пен күлдіреуішті қазіргі таңда күнделікті өмірде жиі қолданылмайтын лексемалар қатарына жатқызуға болады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде қамытқа аттың мойнына кигізілетін, имектеу келген ағаш жақтаулары бар арба шана әбзелі (2,469) деген сипаттама берілсе, күлдіреуіш шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұратын, түтін шығып, жарық түсіру үшін айқастыра бекітілген ағаш, шаңырақтың керегекөз боп түйісетін шыбықтары (2,427) ретінде интерпретацияланған.

Кедейлердің образы қазақтардың санасында затсыз, тексіз құлдар ретінде сипатталады. Мысалы: "Жерлерге қабырғалы би баратын, Бұл күнде затсыз, тексіз құлдар барды" (С. Мұқанов). Затсыз, тексіз құлдардың коннотациялық мазмұны шыққан тегі белгісіз немесе шыққан тегі төмен тәрізді мағыналарды айқындайды. Кедейді адам санатына қоспау, менсінбеушілік қазақтардың дүние бейнесінде балақтағы биттің образы арқылы нақтылады. Ал, оның балақтан басқа секіруі, әрине, уақыт өте келе қоғамда орын алған әлеуметтік өзгерістердің

сипатын білдіреді. Бұл аталған метафораның танымдық мазмұнына жатады. Мысалы: "Ақырында көресімді балақтағы басқа секірген биттен, жалшым Еркіннен көрдім" (С. Мұқанов). Бит зоонимдік метафорасы адамның қоғамдағы әлеуметтік орнының өте төмен екенін аңғартып, арамтамақ, қажетсіз дегенге саяды.

Иелеріне қуаныш нұрын шашқан байлықтың танымдық құрылымында қоғамдағы төңкеріске орай қайғының да орын алатындығын мына мәтін аңғартады: "Өткен күнде талайды зарлатқан, талайды қуантқан, талайды күңіренген ақ орданың иығы түсіп, бұрынғы аруағы кетіп, елсіздегі моланың қабырғасынан жел гуілдегендей боп, бүгін өзі күңіренеді. Күзгі қарасуық кәрлі жел, өз обалың өзіңе дегендей болып, екпіндеп – екпіндеп соғып ақ орданы құлата жаздап, солқылдатады" (Е. Бекенов). Бұл жерде байлықтың иығы түсіп, аруағы кетіп, елсіздегі моланың қабырғасынан жел гуілдегендей, күңіренген адамзат баласы тәрізді суреттелсе, кедейліктің де антропоцентристік бағыттағы тәсілмен сипатталғанын байқаймыз. Онда қоғамдағы әлеуметтік, саяси өзгерістің, атап айтқанда Қазан төңкерісінің әсерінен кедейліктің образы сипатында екпіндеп – екпіндеп соғып, ақ орданы құлата жаздап, солқылдататын күзгі қарасуық кәрлі жел алынып тұрғанын көреміз. Келтірілген мысалдар қоғамдағы әлеуметтік, саяси, таптық өзгерістерге орай, байлық пен кедейліктің де прототиптік образдарының ұлт санасындағы стереотиптерінің бұзылғанын дәлелдейді. Бұл жердегі гуілдеу, солқылдату, күңірену, т.б. етістіктерінің көмегімен сипатталып отырған нысандарды ұлт өкілдерінің соносферасынан хабар беретін дыбыстық бейнелер ретінде қабылдаймыз.

Жастық пен кәріліктің образдарын сомдағанда ұлт өкілдерінің санасында бүкіл адамзат баласына ортақ, яғни әмбебап болып келетін энциклопедиялық білімдермен қатар, өздерінің дербес немесе ұлттық білімдерінің қатар жүретіндігі байқалады: " – Өмір шіркін жасында қырдың қызыл түлкісі секілденгенмен, қартайғанында бір сиқы кеткен кәрі қотыр қой тәрізді көрінеді екен, – деді Сары әңгімелері аяқталып келе жатқан кезде бір күрсініп" (І. Есенберлин) деген мысал айтылған ойды дамыта түседі. Бұл жердегі қырдың қызыл түлкісі, сиқы кеткен кәрі қотыр қой зоонимдерінің коннотациялық мазмұнына үнілсек, жастықпен астарласқан қызыл түлкінің ең алдымен, қызықпен, қуанышпен, сұлулықпен ассоциацияланатынын байқаймыз. Ал, сиқы кеткен кәрі қотыр қойдың коннотациясы, әрине керексіз, қажетсіз, көріксіз,

*дімкәс, қызықсыз* дегенге саяды. Келтірілген метафоралық қолданыстардың төркінінде эмоционалдық белгілер басым, сондықтан оларды экспрессивті сөздер ретінде танымыз. *Кәрілікті* сипаттаушы образдың бағалаушылық тұрғыдан алғанда жағымсыздықпен астарласатынын көреміз. Бұл мысалдан адам ағзасындағы *кәріліктің* физиологиялық өзгерістерінің пайда болуының *қайғымен* байланыстырылғанын байқаймыз. Ол *кәріліктің* мазмұнының ұлттың когнитивтік санасында *қайғымен* ұштасатынын дәлелдейді. Сондай – ақ, *кәрілік* концептісінің мазмұнындағы зоонимдердің көмегімен жасалған метафоралық қолданыстардың көбіне жағымсыз коннотациямен сипатталатынын айта кеткен жөн. Прагматикалық әсерді күшейту мақсатында автор *жастық* пен *кәрілікті* бір – біріне қарама – қарсы қойып портреттеп тұр.

"Бұрынғы әжім дегендері енді көп кийілген кенеп шалбардың тақымдығындай қатпар – қатпар" (Ғ. Мүсірепов) т.б. тәрізді мысал көркем шығармаларда қолданылатын метафоралық номинациялардың көбіне референттің тұлғасының сыртқы белгілеріне қарап жасалатынын көрсетеді. Бұл жерде автордың назарының *кәрілікті* суреттеуге пайдаланып тұрған референті *кенеп шалбардың бір бөлігі – тақымдықтың жиырылған аумағына* ауып тұрғанын байқаймыз. Келтірілген мәтіндегі метафоралық қолданысты автордың ұлттық дүниесінің тілдік бейнесі ретінде қарастыруға болады. Ұлттық дүниенің дербес тілдік бейнесін, ақиқат дүниені жеке адамның, басқаша айтқанда, нақты ұлт өкілінің тілдік санасының көмегімен сипаттаудың нәтижесі ретінде қабылдар болсақ, *кәріліктің* айнымас компонентінің бірі терінің тозу әрекеті, яғни *әжімнің* образы ретінде *кенеп шалбар тақымдығының жиырылған аумағының* алынғанын көреміз. *Кәрілік* концептісінің мазмұнын кеңейткен бұл қолданыстың, автордың санасындағы *кәрілік* туралы ментальдық репрезенттерінің вербальдануының нәтижесінде пайда болғанын аңғартады.

Сондай-ақ, ұлттық діни мейрам саналатын *айт күні* мен *тұңлік* лингвокультуремаларының да *қуаныштың* ұлттық мазмұнын айқындай алатынын мына мәтін кеңістігінен көреміз: "Қатын – балаға шейін *айт күніндей* сергек, дырдулы, шулы, күлкілі, *нөсерлі, дауыл алдындағы құйындаған жел лебімен желпілдеген тұңлікттей*, жайлау – жайлаудың бәріндегі кәрі – жас, еркек – ұрғашы, бой сергітіп сілкінгендей, құлшынғандай болды" (С. Мұқанов). Бұл жерде *қуаныштың* бейнесі ретінде *нөсерлі,*

*дауыл алдындағы құйындаған жел лебімен желпілдеген тұңлік* алынып тұр.

*Қайғының* образы болып *иесіз қалған мола-ның* алына алатынын келесі мәтін көрсетеді: "Ақ орданың оң жағындағы ақ отау әлі сол орнында, бірақ *азырақ күңгірт тартқан сияқты*, бұрынғыдай отауға топырлап қыз – келіншек, бозбала, саяқ қатындардың көбі кірмейді. *Иесіз қалған мола сияқты* болады да тұрады" (Е. Бекенов).

"Есіл ер осылай қырық сегіз жасында *бірте – бірте сөнген майы таусылған шамдай* дүние салады, деді Күнтуарға Жақыптың өлімін айтқан жігіт" (І. Есенберлин), тәрізді мысалдан адамның өмірінің аяқталуының *бірте – бірте сөнген майы таусылған шамға* теңеліп тұрғанын көреміз. Көшпенді халықтың айнымас серігі болған *май шам* ұлт санасында сақталып қалған тұрмыс қажеттілігінің бірі. Оның коннотациясында *наны таусылып, тіршілікпен қош айтысу* деген терең мазмұн жатыр. Өлімнің бейнесі ретінде *майы таусылып, бірте – бірте сөнген шамның* образының алынуында да ұлттық танымның өзіне тән мазмұны жатыр. Осы тәріздес метафоралық қолданыстар жазушы танымында ассоциативтік білім көздерінің бейнелі түрде көрініс таба алатынын тағы бір дәлелдейді.

Ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстарды бейнелеу мен оларды ұлттық тұрғыдан түсіндіру қызметін атқаратын концептердің мазмұнындағы бірліктердің уақыт өте келе көнеріп не өзгерістерге ұшырап, даму үстінде болатынына мына мәтін дәлел бола алады: "Кезінде тиісті шара қолданбасаң *қайғы – қасірет симфониясы* басталады" (І. Есенберлин). Бұл жерде музыкалық термин саналатын *симфония* лексемасы *қайғыны* сипаттауға қатысып тұр. Келтірілген метафоралық қолданысты жаңа заманға байланысты туған метафоралар қатарына жатқызып, әуеннің, яғни дыбыстың көмегімен болған образ ретінде қабылдаймыз.

Аталған концептердің мазмұны белгілі бір деңгейде, ұлт өкілдерінің қоршаған ортадағы физикалық нысандарды, табиғат құбылыстарын, адамдар мен жануарлар тіршілігін, өсімдіктер әлемін тану, көру, сезіну нәтижесінде пайда болған білімдеріне негізделген концептуалдық метафоралармен айқындалады. Метафоралар концептердің танымдық, семантикалық, образдық құрылымдарын қалыптастыратын антропоморфтық, зооморфтық, фитоморфтық, заттық модельдердің шеңберіне топтасады.

Тірек концептілердің әрқайсысының төнірегінде адамның санасындағы ақиқат дүние

жайлы білімдер мен көзқарастардың белгілі бір жүйеге келтірілген образдары жинақталатынын байқадық. Олардың басым көпшілігі генетикалық тұрғыдан, яғни, салт – дәстүрмен, тұрмыс – тіршілікпен адамның санасына сіңісіп, әбден кірігіп кеткен образдар.

Түрлі мәтін кеңістігіне жасалған талдау метафоралардың образдық, танымдық және атауыштық қызметтерінің аталған концептер төңірегінде когнитивтік құрылымдардың ұлттық үлгісі мен дербес үлгісін жасауға бағыттала-тынын көрсетеді.

1. Маковский М.М. У истоков человеческого языка. – М.: Высшая школа, 1995. – 159 с.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Пресс, 2008. – 968 б.

\*\*\*

В данной статье авторская картина мира рассматривается как образ мира, смоделированный сквозь призму сознания художника как результат его духовной активности. Анализ авторских метафор позволяет выявить своеобразие его языковой картины мира и вместе с тем выявить влияние национальной картины мира на индивидуальную картину мира писателя.

\*\*\*

In the given article the author's picture of the world is examined as the image of the world formed via the prism of an artist consciousness as a result of its spiritual activity. The analysis of author's metaphor gives an opportunity to reveal the peculiarity of its linguistic picture of the world and also reveals the influence of national picture of the world upon the writer's individual picture of the world.

*С. Қ. Суатай*

## КҮРДЕЛІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әр халықтың басынан кешкен үлкенді-кішілі оқиғалары, сүрлеу соқпағы мен даңғылы аралас таусылмас жолы оның ұлттық тарихын құрайды. Сол ұзын-сонар өмірде қалыптастырған дәстүрі мен салты, әдет-ғұрпы ұлттың дүниетанымдық ерекшелігін, айрықша мәдени келбет-бейнесін жасайды. Ұлттық мәдениет, ұлттық болмыс бейнесінде халық жүріп өткен жолдардың із-таңбасы, белгісі болады.

Ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстарды таңбалау, ат қойып, айдар тағу – адам баласымен бірге тұрақты да ұдайы жүріп отыратын адамның қоршаған ортаны тануы, категориялық аймақтарға бөлшектеуі барысында өтетін тұрақты әрі үздіксіз үдіріс.

Адам танымы арқылы белгілі нысандар мен олардың белгілері, қасиеттері айқындалып, санада белгілі бір ұғымды қалыптастырады [1, 21]. Адам танымы терең де шексіз, сондықтан тілдегі негізгі атауларды дүниетанымдық ақпарат айқын да мол жинақталып беріледі. Қоршаған ортаны тану үстінде адам оны жеке бөліктерге бөліп, сол жеке бөліктерді атайды. Алдымен жалпы есімдерге топтастырады, солардың ішінен жеке дара ат бере отырып, жалқы есімдерді даралайды.

Жер-су атауларының жасалуы – олардың уәждік ұстанымдарына байланысты болып

келеді. Уәжділік ұстанымдары тіл иесінің өзін қоршаған ортаны тану, қабылдау, игеру қабілетіне, солардан туатын әрекеттерге негізделеді. Оның бәрі тіл иесінің дүниетаным, танымдық қасиеттерімен өрнектеліп, ұлттың мәдениетін, менталитетін қалыптастырады. Сондықтан да жер-су атауларында нысанның қасиетін, айрықша белгісін айғақтайтын ақпарат болады, ол тіл иесінің тұрмыс-тіршілігінің, қоршаған ортасының көріністері болып келеді. Мысалы, Алматы облысында *Ойрантөбе* деген ойконим бар. Бұл – қазақтың атақты қолбасшысы, ержүрек Райымбек батырға байланысты қойылған атау. Сол кездегі ұрыстың дәстүрі бойынша, қалмақ батырымен жекпе-жекке түскен Райымбек жеңіске жетеді, қолбасшының жекпе-жегінен қуат алған қазақ қолы жауды тас-талқан етіп жеңеді. Осы Жеңістің құрметіне ұрыс өткен мекен Ойрантөбе аталады, «жауды қарата, ойран салып жеңген төбе» мағынасын білдіреді. Сөздің бірінші сыңары «тас-талқан, бүліншілік» мағынасында қолданылады. Бұдан көптеген тұрақты қолданыс тарайды: *ойран болды, ойран етті* т.б. [ҚТТС, 7-т. 1983] Осы «тас-талқан, күл-талқан ету, тас-талқанын шығару» мағынасы оқиға өткен жермен байланыстырыла, соның анықтауышы ретінде жұмсала келе тұтас атауға айналған. *Төбе* индикатор –